

*Сабақтың тақырыбы:
Қазақстанның XIV – XV
ғасырлардағы сәулет өнері*



I. Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Қазақстанның XIV – XV ғасырлардағы сәулет өнерін, қолданбалы өнер, архитектуралық құрылыс жүйелері туралы білімдерін арттыру.

Дамытушылық: Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру, ойлау, іскерлік қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Оқушы санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рух енгізу, тіл мен дін мәдениет мұрасын, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. тапсырма «Кім шапшаң» .

«Сұрақ-жауап» әдісі.

- 1 Материалдық мәдениет дегеніміз не?*
- 2 Рухани мәдениет деп қандай мәдениетті айтамыз?*
- 3 Ауыз әдебиетінің қандай жанрларын білесіңдер?*
- 4 Жазбаша әдебиет өкілдері кімдер?*
- 5 Музыка қалай пайда болды?*
- 6 Шаманизмнің қандай наным-сенімдері сақталған?*

2 тапсырма. Терминдермен жұмыс.

1 Рухани мәдениет- белгілі бір кезеңде өмір сүрген халықтың жан дүниесінің көрінісі.

2 ХІҮ-ХҮ ғасырларда Қазақстанда мекендеген ру-тайпаларының әдеби туындылары ауызша таралады, ғылыми тілмен айтқанда, фольклор түрінде дамыды.

3 Қазақстанда ислам дінінің тез қанат жая бастауына және бір себеп –ислам дінінің суфизм тармағының таралуы.

4 ХІҮ-ХҮ ғасырлар аралығында ислам діні мен шаманизмнің кейбір діни наным-сенімдері қатар өмір сүрді.

3. тапсырма. «Сандар сөйлейді»

1 XIII ғасырдың соңындағы жазба деректерге қарағанда, киіз үйлердің арба үстіне тігілген, жылжымалы түрлері де болған.

2 VI-VIII ғасырлардан бастау алған батырлық жырлары көптеген көріністермен толықтырып, XIV-XV ғасырларда эпостық жырға айнала бастады.

3 XIII-XV ғасырларда авторы белгілі ауызша поэзияның үлгілері де дами бастайды.

4 XIV-XV ғасырлар аралығында ауызша әдебиетпен қатар жазбаша әдебиет те дами бастады.

5 Қазақстанда ислам діні VIII ғасырда тарай бастағанымен, XIX ғасырдың аяғына дейін бұл дін оның тұрғындарының жүрек түкпіріне толық жете қоймаған еді.

6 XIV ғасырда Өзбек хан (1312-1342) мен Моғол ханы Тогылық Темір (1348-1362) билігі кезінде исламның таралуына қатты көңіл бөлінген.

7 XIV-XV ғасырлар аралығында ислам діні мен шаманизмнің кейбір діни наным-сенімдері қатар өмір сүрді.

2. Үй жұмысын бекіту

«Ойлан тап»

№ Аты-жөні

Еңбектері

Не айтылады?

1. Хорезми «Хұсрау мен Шырын»

2. Дүрбек «Мухаббатнама»

3. Кутуб «Жүсіп-Зылиха»

III. Жаңа сабақ

Жоспары.

1 Сәулет өнері.

2 Қожа Ахмет Иассауи кесенесі.

3 Алаша хан кесенесі

4 Рабиға сұлтан Бегім кесенесі.

5 Отырар қаласы.

6 Қолданбалы өнері.

4. тапсырма. «Суретпен жұмыс»

1. Кесене – діни құрылыс, белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған.

2. Сәулет өнері – X – XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің кезінде өркендеген, дәлел Тараз қаласының маңынан 18 м жерде салынған Айша Бибі, Бабаджахатын сияқты сәулет өнерінің ең тамаша туындысы, әрі қарай өркендеуіне Монғол шапқыншылығы үлкен зиян тигізді. Дәлел XIII-XIV ғасырларға дейін құрылыс нысандары салынбаған. Ал ірі архитектуралық құрылыс жүйелері салына бастаған. мысалы бізге жеткен тамаша сәулет өнері Арыстан баб Қ.А.Иасауи, Көккесене, Алаша хан т.б. кесенелер жатады. Арыстан баб кесенесі Отырардың Батыс жағында 3 км жерде Сырдария өзеніне жақын жерде орналасқан.



2. XIV-XV ғ аралығында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған сәулет өнері - Қожа Ахмет Иасауидің кешенді кесенесі. Қожа Ахмет исі мұсылман дінінің көрнекті өкілі, әрі уағыздаушысы, ақын. Кесене ОҚО Түркістан қаласының орталығында орналасқан. Тарихи деректерге жүгінсек 1397 жылы Әмір Темір салдырған, негізгі мақсаты Қожа Ахметтің мұсылмандар арасындағы беделін көтеру, пір тұтушылардың сеніміне ие болу. Аумағы 46,5x65,5м биіктігі 37,5 м, алдыңғы беті шығысқа қараған, екі беті күмбезді 35 бөлмеден тұрады. Ең үлкен орталық бөлмесі 18,5 x 18,5 м, ортасында 1399 жылы жасалынған үлкен Тайқазан тұр. Ең негізгі бөлмелердің бірі кітапхана мен Оңтүстік үлкен Ақсарай, Кіші Ақсарай. Оларда атақты адамдар жерленген. Ең басты бөлмесі Көрхан деп аталады, онда Ахмет Иасауидің мүрдесі қойылған. Кесененің сырты әйнек, сырлы құйма кірпіштермен қапталған., қабырғалары түрлі өрнектермен әшекейленген. Көрханның үстіне қатпарлы күмбез тұрғызылған.
Диуани хикмет



3. Алашахан кесенесі – XIV – XV ғасырлар арасындағы сәулет өнерінің басты бір ескерткіші. Б.з.д II-I ғасырда өмір сүрген. Алаша хан көне қытай, араб деректерінде де есімі аталатын тұлға. Ұлытау жерінде Қаракеңгір өзенінің оң жағасында орналасқан. Кесене X–XI ғасырдағы сәулет өнерінің туындысы, ерекшелігі далалық сәулет өнерінің үлгісінде жасалынған, іргесі текшеленіп қаланып, төбесі күмбезделген. Ондағы өрнек Орта Азияның сәулет өнерінде кездеспейді. Сырты қазақтың дәстүрлі ою – өрнегі, таңдай, жүрекше оюларымен безендірілген.



4. Көккесене – Ақ Орданың астанасы болған Сығанақ қаласының маңында Төменарық деген жердің Солтүстік Батысында 8ш жерде орналасқан бір күмбезді кесене. Сырт беті кілем сияқты өрнек үлгісімен жасалған. Өкінішке орай бүгінгі күні тек жұрнағы ғана қалған.



5. Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі - XV ғасырдың екінші жартысында салынған. А.Иасауи кесенесінің Шығыс жағынан 60м жерде орналасқан, 5 бөлмеден тұрады. XIX ғасырдың соңында қираған. Төбесіндегі күмбезі Иассаuidің кесенесінің ішінен табылған. Қалай келгені белгісіз. 1485 жылы қайтыс болған ол Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы екені жазылған. 1895 ж қараусыздықтан бұзылып кеткен, қалған бөлігі 1950-1957 ж археологиялық қазба жұмыстарынан кейін кірпіштері Ахмет Иасауи кесенесіне жөндеуге жұмсалған деген дерек бар. Зерттей келе кесененің астыңғы сағанасында 5 адамның мүрдесі табылған. Ортасындағы Рабияның мүрдесі деген болжам бар.



6. Қолданбалы өнер - өнер атаулының ішіндегі ең күрделісі, үлкен шығармашылықты қажет етеді. Кез келген сәулеттік құрылысты жасаған соң әрленуіне көңіл бөлу керек, болмаса шыққан шығын зая кетеді. Сондықтан құрылысшылар әдемілеуде қолданбалы өнерді пайдаланған. Жаңа үлгілері қалыптаса бастады, күмбез шатыр пайда болды. Күйген кірпіштен бір жағын түрлі-түсті әйнек сыр жағылған кірпішті пайдаланды. Оның сыры әлі күнге ашылмаған. Орта ғасырдағы құрылыс материалдарының сапалы жасалуынан сәулет өнерінің жоғары деңгейде болғанын көреміз.

5. тапсырма. Сұрақ-жауап әдісі

1. Сәулет өнері деген қандай өнер?
2. Алашахан кесенесі қай жерде, қандай ерекшелігі бар?
3. Қ.А.Иасауи кесенесін кім салдырған, құрылыс жүйесі?
4. Археологиялық зерттеуде қандай сәулет өнерінің ескерткіштері белгілі болды?
5. Отырар қаласынан табылған қоғамдық құрылыс орындарын ата?
6. Қолданбалы өнер қандай өнер?

6. тапсырма. Оқулықпен жұмыс

1. Арыстан баб кесенесі қай ғасырда бірнеше рет жөндеуден өтті?
2. Қожа Ахмет Иасауидің кешенді кесенесі қайда салынған?
3. Алаша хан кесенесінің өзіндік ерекшелігі қандай?
4. Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі қай ғасырда салынған?

7. тапсырма . Тест жұмысы.

Тест.

1. Аталған сәулет өнері ескерткіштерінің қайсысы монғол шапқыншылығынан кейін салынған?

- а. Айша-бибі кесенесі
- ә. Білеулі ғимарат
- б. Арыстан баб кесенесі
- в. Ақыртас ғимараты

2. Әмір Темір бұйрығымен тұрғызылған сәулет өнерінің ғажайып туындысы

- а. Қожа Ахмет Иасауидің кешенді кесенесі
- ә. Алашахан кесенесі
- б. Боран мұнарасы
- в. Бабаджа қатын кесенесі

3. XIV-XV ғасырларда далалық сәулет өнерінің үлгісінде салынған ескерткіш

- а. Аяққамбыр күмбезі
- ә. Мырзарабат сардобасы
- б. Алаша хан кесенесі
- в. Дың ескерткіші

4. Материалдық игіліктер қандай шикізат көзіне негізделеді?

а. Мал басынан алынатын

ә. Саудаға

б. Қолөнерге

в. Жер өңдеу кәсібіне

5. Қуаңшылық жылдары қандай ырым жасалған?

а. Көкке табыну

ә. Пұтқа жалбарыну

б. Тасаттық

в. Аруақтарға сиыну

6. Қазақстанның байырғы тұрғындары аспан әлемін қалай атаған:

а. Көк тәңірі

ә. Жаратушы

б. Аруақ

в. Пір

VII. Жаңа сабақты бекіту

Сәйкес келетін тарихи оқиғаларды тап.

- 1397 жыл –Залдың ортасында ----- жасалған үлкен тайқазан тұр.
- 1399 жыл — Қожа Ахмет кесенесі салуға Әмір Темір -----бұйрық берген.
- 1485 жыл - **Отырар қаласы моңғол шапқыншылығына осы уақыт аралығында төтеп беріп тұрды.**
- 6 ай –(Рабиға Сұлтан Бегім) Құлыптастағы жазуда Бегімнің Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы екендігі ----- қаза болғандығы жазылған.

Дұрыс жауабы.

* 1397 – Әмір Темір Қожа Ахмет Иассауи кесенесін салуға бұйрық берді.

* 1399- Залдың ортасындағы үлкен тайқазан жасалған.

* 1485- Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы Бегім қаза болды.

* 6 ай- Отырар қаласы моңғол шапқыншылығына осы уақыт аралығында төтеп беріп тұрды.

Тарихи сынақ хат.

- Сәулет өнері Қазақстанда X-XII ғасырда _____ кезінде өркендеген.
- XIV-XV ғасырлардағы сәулет өнерінің үлгілеріне _____, _____, _____ кесенелері жатады.
- Бөлмелердің ішіндегі негізгісі - _____.
- Кесененің өрнек үлгілері _____ сәулет өнерінде

кездеспейді.
Дұрыс жауабы.

- Сәулет өнері Қазақстанда X-XII ғасырда Қарахан мемлекетінің кезінде өркендеген.
- XIY-XV ғасырлардағы сәулет өнерінің үлгілеріне Арыстан баб, Қожа Ахмет Иассауи, Көккесене, Алашахан кесенелері жатады.
- Бөлмелердің ішіндегі негізгісі- кітапхана.
- * Кесененің өрнек үлгілері Орта Азия сәулет өнеріне кездеспейді.

5. Сәулет ескерткіштерінің тұрғызылған жерлерін сәйкестендіру.

Сәулет ескерткіштері-----Орналасқан жері

1. Айша бибі кесенесі----- А)Жезқазған қаласы

2. Қарахан кесенесі----- Ә)Түркістан

3. Жошы хан күмбезі----- Б)Тараз

4. Алаша хан кесенесі----- В)Қарағанды

5. Қожа Ахмет Йассауи-----Г)Тараз

6. Бабаджа қатын----- Д)Тараз

Дұрыс жауабы.

1	2	3	4	5	6
б	г	а	в	ө	д

X. Оқушыларды бағалау.

Оқушының қабілетіне қарай берген жауаптарын бағалау.

XI. Үйге тапсырма.

§33 Қазақстанның XIV – XV ғасырлардағы сәулет өнері.

а) Қожа Ахмет кесенесіне әңгіме жазу

ә) Отырар ойранының зардаптары туралы реферат жазу

A large, dense bouquet of light pink roses is the central focus of the image. The roses are in various stages of bloom, with some showing deep pink centers and others appearing lighter. The bouquet is set against a plain, light-colored background. A watermark is visible across the middle of the bouquet.

**Назарларыңызға
рахмет!**

BUKET-EXPRESS.KIEV.UA